

ЕСІМДІКТЕРДІ ОҚЫТУДА «КЛАСТЕР» ӘДІСІН ОРЫНДЫ ПАЙДАЛАНУ**Қалмырзаева Нуржамал Бекполат қызы***Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік
педагогика институты Магистратура бөлімінің
1-курс магистранты*

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тілі сабағында есімдіктерді оқытуда «Кластер» әдісін орынды қолдану қарастырылған.

Annotation: This article discusses the appropriate use of the «Cluster» method in teaching pronouns in Kazakh language lessons.

Кілт сөздер: қазақ тілі, есімдіктер, оқыту әдістемесі, «Кластер» әдісі, жүйелеу, көрнекілік, танымдық белсенділік, сөйлеу дағдысы, инновациялық технология, грамматикалық ұғым.

Keywords: Kazakh language, pronouns, teaching methodology, «Cluster» method, systematization, visualization, innovative technology, grammatical conspekt.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқыту әдістерін жаңғырту, заманауи технологияларды пайдалану - уақыт талабы. Қазақ тілі пәнін оқыту барысында оқушылардың танымдық қабілетін дамытумен қатар, олардың коммуникативтік құзіреттілігін жетілдіру де маңызды міндеттердің бірі. Бұл тұрғыда оқытудың инновациялық әдістерін қолдану қзектілікке ие болып отыр. Солардың ішінде «Кластер» әдісі ерекше орын алады. Себебі ол күрделі тақырыптарды жүйелі түрде түсіндіруге, ойды көрнекілік арқылы жеткізуге, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе есімдіктерді оқытуда бұл әдістің орны ерекше.

«Кластер» сөзі ағылшын тілінен аударғанда cluster-«шоғыр», «топ», «жүйе» деген мағынаны білдіреді. Бұл әдіс ХХ ғасырдың 80-жылдары АҚШ-та қолданысқа енген. Оны алғаш визуалды ойлау технологиясы ре-

тінде танымал еткен-ағылшын зерттеушісі Тони Бьюзен. Оның «Mind mapping» (Ой картасы) идеясы мен Джозеф Новактың «Concept mapping» («Тұжырымдамалық карта») әдісі кластердің теориялық негізін құрады.

Кластер-оқуының білімін жүйелеуге, ұғымдарды топтастыруға арналған тиімді құрал. Мұнда негізгі тақырып орталыққа қойылып, одан туындайтын ойлар тармақтар арқылы жүйеленеді. Тони Бьюзен ғалымның пікірінше: «Адам миы ақпаратты визуалды бейнелер арқылы тез әрі ұзақ есте сақтайды, сондықтан кластер ойды ұйымдастырудың ең тиімді тәсілі болып табылады». Джозеф Новак былай пікір қалдырған: «Кластер әдісі жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстырып, оқушылардың ұғымдарды терең түсінуіне мүмкіндік береді». В.Ф.Шаталов: кластерді «тірек сигналдары» әдісіне

ұқсастырып, оның матиралды тұтас қабылдауға көмектесетінін атап өткен. Қазақ ғалымы М.Жанпейісова модульдік оқыту технологиясында кластердің маңызын айқындай отырып, оны оқушылардың өзара қарым-қатынасын дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырған. Ф.Ш.Оразбаева: «Кластер сияқты технологиялар тілдік қатынасты дамытуда оқушылардың сөйлеу қабілетін жетілдіруге ықпал етеді»- деп тұжырымдайды. Менің ойымша, аталған ғалымдардың пікірлері қазақ тілін оқыту тәжірбиесінде де толықтай өзектілігін сақтап отыр.Алайда, қазақ тілінде әсіресе есімдіктерді оқытуда кластер әдісінің рөлі әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.Өйткені,есімдіктер-оқушыларға абстрактілі көрінетін, ередесі көп әрі күрделі тақырыптардың бірі.Кластер әдісін қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі артып қана қоймай,олардың жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыру жеңілдейді. Менің тәжірбиемде кластер әдісін қолдануда оқушылардың қызығушылығы артып, тапсырмаларды орындауда белсенділік байқалады.Олар грамматикалық ұғымдарды тек жаттап қана қоймай,өз бетінше ой қорытып, мысалдар келтіруге бейімделеді.Сондықтан ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен практикалық сабақтардағы нәтижелер өзара сәйкес келіп, әдістің тиімділігін толық дәлелдейді деп есептеймін.

Есімдіктерді оқытуда кластер әдісін қолдану жолдар. Есімдіктердің түрлерін топтастыру кезінде мұғалім орталыққа «Есімдіктер» деген сөзді жазады. Одан әрбір есімдіктің түрлері тармақтар ретінде тарайды:

Жіктеу есімдіктері (мен,сен,ол т.б.);

Сілтеу есімдіктері (мынау, анау,сол т.б.);

Сұрау есімдіктері (кім? не? қайда? т.б.);

Өздік есімдігі (өз);

Жалпылау есімдіктері (бәрі,барлық,барша);

Белгісіздік есімдіктері (біреу,әлдекім, кейбіреу т.б.);

Болымсыздық есімдіктері (ешкім, ештеңе,дәнеңе).

Әрбір тармаққа оқушылар мысалдар жазып,сөйлем құрап,тақырыпты практикамен бекітеді.

Кластер әдісінің оқушыларға тиімділін қарастырсақ

1.Танымдық белсенділікті арттырады – оқушы ой қорытып,жаңа білімді өзі іздейді.

2.Жүйелі ойлауға баулиды – күрделі тақырыптарды тармақтап,логикалық құрылым жасайды.

3.Есте сақтау қабілетін дамытады – көрнекілік арқылы білім ұзақ уақыт есте қалады.

4.Коммуникативтік құзіреттілікті жетілдіреді – оқушылар пікір алмасып, мысал келтіруде өз ойын еркін жеткізеді.

5.Шығармашылық қабілетті дамытады – әр оқушы өз кластерін құрып, тақырыпты өзінше түсіндіреді.

6.Қызығушылықты арттырады --дәстүрлі әдіспен салыстырғанда сабақ мазмұнды әрі тартымды өтеді

Қорытындылай келе, қазақ тілін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді орынды қолдану – бүгінгі педагогиканың басты талабы.Соның ішінде «Кластер» әдісінің тиімділігі айқын байқалады. Ғалымдардың еңбектері мен зерттеулері бұл әдістің ойды жүйелеу,ұғымдарды көрнекілік арқылы меңгерту,есте сақтау қабілетін жетілдіруде ерекше маңызға ие екенін дәлелдеп отыр.

Менің пікірімше,есімдіктерді оқытуда кластер әдісін қолдану-тек қана жаңа тақырыпты меңгертудің құралы емес, сонымен бірге оқушыны ойлануға,ізденуге,өз бетінше білім алуға үйретудің жолы.Себебі есім-діктер –грамматикалық тұрғыдан көп қырлы,оқушыларға абстрактілі болып көрінетін сөз табы.Кластер әдісін қолданғанда оқушылар ережелерді құр жаттап қоймайды,оларды топтастырып,мысалдар арқылы түсініп,өз ойымен байланыстырады.

Менің тәжірибемде кластер әдісі қолданылған сабақтарда оқушылардың белсенділігі айқын артады:

Олар өз ойларын ашық жеткізуге тырысады;

Топтық жұмыста ынтымақтастық танытады;

Есімдіктердің түрлерін мысалдармен нақтылап,сөйлеу тілінде қолдануға бейімделеді;

Әдетте грамматикалық ережелерді жаттауда қиналатын оқушылар да визуалды көрнекілік арқылы материалды тез меңгереді.

Осыған сүйене отырып,мен кластер әдісін қазақ тілін оқытуда,әсіресе есімдіктер тақырыбында жүйелі түрде пайдалану қажет деп санаймын.Бұл әдіс оқушылардың грамматикалық білімін ғана емес,олардың шығармашылық қабілетін,ойлау мәдениетін,тілдік құзіреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Жалпы, «Кластер» әдісін орынды қолдану – оқушыға тек білім беріп қана қоймай,оның жеке тұлғалық қасиеттерін жетілдіретін,өзіндік пікір қалыптастыруға жетелейтін, шығармашылыққа баулитын тиімді әдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. –Мәскеу: Просвещение,1989 .-240 б.
2. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы. –Алматы,2002.-180 б..
- 3.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері.—Алматы,2002—180 б
- 4.Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.—Алматы: Рауан, 2012.-320 б.
- 5.Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.—Алматы:Рауан,2012-320б.
- 6.Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі.—Алматы: Қазақ университеті,2007.—350 б
7. Жұбанова А. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері.—Астана: Фолиант,2016.-200 б.
- 8.Выготский Л.С. Ойлау және сөйлеу.—Алматы:Мектеп,1982.-287 б.